



## БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 30 қараша

Қостанай қаласы

## ПРИКАЗ

№ 697

город Костанай

### Қостанай облысы білім беру ұйымдарында Қолайсыз ауа райы метеожағдайларына байланысты сабақтарды тоқтату туралы

«Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өңірдің географиялық, климаттық жағдайларына сәйкес, сондай-ақ аумақтық мүдделі мемлекеттік органдардың келісімімен білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарында сабақты тоқтату кезінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларының ұсынылатын көрсеткіштері бекітілсін. *(1-қосымша)*

2. Ата-аналар мен білім алушыларға уақытында хабарлауға жауапты тұлғаларды, нысандар мен әдістерді көрсетіп, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қолайсыз ауа райының метеожағдайларына байланысты сабақтың болмайтындығы туралы ата-аналар мен білім алушыларды уақытында хабардар ету жүйесі бекітілсін. *(2-қосымша)*

3. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігіндегі сабақтар әкімшілік-аумақтық бірлік басшылығымен міндетті түрде келісіп тоқтатылсын.

4. «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығымен бекітілген Сабақтарды тоқтату қағидаларын бұлжытпай орындау бойынша шаралар қабылдансын. *(3-қосымша)*

5. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылдың 3 қарашадағы № 547 бұйрығының 1 тарауының 3 тармағына сәкес қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.

6. Білім бөлімдерінің басшылары білім беру ұйымдарының басшыларын, педагогтер мен ата-аналарды осы бұйрықпен таныстырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының білім беру ұйымдарының тіршілік қаракетін ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.С. Оспановаға жүктелсін.

**Қостанай облысы әкімдігі білім  
басқармасының басшысы**



**А. Ибраева**